оқтың шыңы, көрі-тілі жылдар арасында өскери борышын өтей жүріп, санинструктор қызметін атқарды. «Қорап» отырсаң, бәрі де күні кешегідей. Алаңда уақыт демалысы тиісінше айналып, өзімнің Түркістан колледжіне келгенімде де біраз болыпты-ау!- дейді.

«Бәбеш қандай іспен болсын бар мәнетсізмен атқаратын білуі керек» деген В.Маяковскийдің сөзі Тастан үшін өмір заңына айналғандай. 1987-1991 жылдары Павлодар облысы, Железинка ауданы, орталық аурханада ага провизор, 1991-1993 жылдары ОҚО Темірлан орталық аурханада аға провизор, 1993-1995 жылдары Түркістан қаласы №194 аурухана провизор-аналитик, 1995- 2005 жылдары Түркістан қаласы № 33 аурханада провизор-технолог, 2009-2011 жылдары Түркістан қаласы «Клиникалық-диагностикалық» орталығында провизор қызметін атқарады. 2011 жылдан Түркістан медицина колледжінде ұстаздық қызметін абыройлы атқаруда. Фармакология, пәтын пәнінің оқытушысы.

Ұстаз дикан сияқты той. Әр баланың, яғни студент-жастардың жанына білім нәрін себеді. Дұрыс өмір сүруге, белгілі бір саланың маманы болуға тәрбиелеп қана қоймай, сол мамандықтың қыр-сырын терең меңгеруге жетелеген ұстаздың бейнесі қай адамның да өмір өрнегін орын алары сөзсіз. Өмірімізгі ата-анадан кейінгі ең қымбатты жандардың бірі екенінің ұстазы болуы керек. Міне, Тастан Қайыптайұлы Есжанов сондай жандардың бірі. оқымызға ұлы әкім Абайдың:

Ақылмен жүрек, анық бас,
Еңбекпен кетпес дәулет
Ұстаздық етпен жалғасар,
Үйренуден болмаса,

деген өлеңі жолдары оралады. Расында да, егер әр адамның жүрегінде іштілік сәулесі болса, өті мұғалімнің еңбегі. Дүниеде адамды тәрбиелеп, білім беріп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар. Тастан Қайыптайұлы Есжанов сондай ұстаздардың бірі. Сөз соңында Тастанға алдағы уақыттарда да абырой бергенін көріне бер дегіміз келеді.

«КЕРЕМЕТТЕГІ» КЕРЕМЕТ КЕШ

Жақында Түркістан облысы, Түркістан қаласында бұрынғы РМЗ аймағында ел игілігі үшін ашылған «Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінде директоры Райхан Тұрсынматқызы Қуатбекова басқарған ұжымда «Екі жұлдыз» атты керемет іс-шара қызықты да тартымды болып өтті.

Жыл басы жаз айында бастауыш мектеп-балабақша кешені тәрбиешілерінің өздеріне қарасты бүлдіршіндерімен неше түрлі жарыс-сайыс, танымдық тәрбиелік, ұлттық-ұлттың салт-дәстүрлерінен хабардар етіп, сол балаға жас буынға берер тағлымы-тәрбиесі мол сайыстар, ойындар өткізуге өткізуге құлшына кіріскен уақыты.

«Керемет» балабақшасы құрылып бүлдіршіндерді қабылдай бастағаннан бастап құрылған қазақ, орыс топтары арасында өтілін көрсету мақсатында түрлі жеңіл торт, салат, жемістерден көз

тартарлық әртүрлі бейнелер жасау т.б сайыстар өтті.

Айта кететін бір ерекшелігі әр сайыста тәрбиеленуші мен ұстазы бірдей матадан костюмдер киіп, оған қазақ халқының ою-өрнектерін орналастырып ерекше көз тартатындай болып шыққандары көпіп толтырады.

Тәрбиеші ұстаздардың балалармен жасаған жұмыстары толық жан-жақты көрініп, ерекше атап өтуді жөн көрдік.

Сайыс қорытындысында Серікбай Әлихан бас жүлде, ұстазы Майра Әсенова, I-орын Аиша Атымбаева, ұстазы Гүлдана Артықова, II-орын Әдия Шерхан, ұстазы Алма Сүйімбаева, III-орынға Керкем Тұрдалы, ұстазы Айжан Исахова ие болса, Әдемі Ақмарал, Айша Оңырбай, Томирис Арыстан, Айша Жаныбыл ұстаздары Аиқұр Қарақұлова, Фариза Айдарова, Мерекe Исобекова, Мехрикса Ормановалар түрлі номинацияларды иегері атанды. Міне, осындай жарыстар, сайыстар кептеп өтіпетін.

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінде тәлімгер ұстаздар жас буынға алдына келгін күнмен бастап өз ана тілінің ерекшелігін баса назар аудара отырып орыс, ағылшын тілдерін меңгертуге көз күш жұмсайды.

Тәлімгерлер, балаларға беріп отырған ас мәзірінің кеңілімізі тола отырып, «Керемет» ұжымының басшыларына, ұстаздар қауымына ата-аналар атынан алғысымызды білдіріп, алдағы істеріне сәттілік тілеймізі.

Ыбрайхан МАХАНОВ,
ата-ана.
Құрбанәлі БЕКТҰРҒАНОВ,
Халықаралық Жазушылар және Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі.